



ТАҒЫМ

Тәуелсіздік рухына тәу етті

16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай еліміздің түпкір-түпкірінде азаттық жолында құрбан болған ерлерге тағзым ету салтанаты өтті. Тәуелсіздік рухын ұлықтаған тағылымды іс-шаралар аймақта да жалғасын тауып, облыс орталығындағы Тәуелсіздік стелласына гүл шоқтарын қою рәсімі ұйымдастырылды. Оған облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев, қоғамдық ұйым өкілдері, қала тұрғындары және 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісіне қатысқан ардагерлер қатысты.

Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Салтанатты іс-шара Мемлекеттік Әнұранмен басталды. Одан кейін аймақ басшысы Ермағанбет Қабдулаұлы бастаған қауым гүл шоқтарын қойып, азаттық жолында жанын қиған боздақтарға тағзым етті. Әрі қарай қоғамдық ұйым өкілдері, 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісіне қатысқан азаматтар мен ардагерлер кеңесінің мүшелері, сондай-ақ, полиция департаменті мен Төтенше жағдайлар министрлігінің Қарағанды облысы бойынша өкілдері салтанатты түрде гүл шоқтарын қойып, Тәуелсіздікке тәу етті.

Шындығында, қазақ халқының азаттыққа деген ұмтылысын айқын



көрсеткен Желтоқсан оқиғасының тарихи маңызы айрықша екені даусыз.

1986 жылғы көтерілістен кейін бес жыл өткен соң, дәл сол күні Қазақстанның

Жоғарғы Кеңесі «Тәуелсіздік пен мемлекеттің егемендігі туралы» Заң қабыл-

дап, ел тарихында жаңа дәуірдің есігін ашты. Осыдан кейін ғана Желтоқсан оқиғасына қатысушыларды ақтау үдерісі басталғаны белгілі. Желтоқсан көтерілісіне қатысушы, Шет ауданына қарасты Қайрақты кенішінің тумасы Арапбек Қарабекұлы сол бір күндердің қалай болғанын да еске алды.

– Біз 1986 жылы алаңға Арғын болып та, Үйсін болып та, Адай болып та емес, қазақ болып шықтық. Сол үшін атылдық, соққыға жығылдық, тіпті оқудан да қуылдық. Бар болғаны ел тағдырына немқұрайды қарамадық. Ол кезде мен медицина училищесінің екінші курсына оқып жүрген едім. Жатақханадан шығып, сол кездегі Орталық Комитет ғимаратының маңына, қазіргі Алматы қалалық әкімдік орналасқан жерге жиналдық. Алаңда біз «Ленин еңбектерінде әр халыққа өз елінен басшы болуы керек» деген сөзді жалау етіп ұрандадық, – деді Арапбек Қарабекұлы.

Желтоқсан рухы – тәуелсіздіктің темірқазығы, ел жадында жаңғырып, ұлттың еркіндікке бастау белесіндегі айшықты баспалдақ. Азаттық жолында жанын қиған боздақтардың ерлігі өскелең ұрпақ санасында сақталып, елдік пен бірліктің нышанына айнала бермек.

Суретті түсірген
Александр МАРЧЕНКО

Егіншілікке енген инновация



Облыс аумағында ауыл шаруашылығына тың серпін беретін отандық жоғары технологиялы жоба іске қосылды. Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің екі түлегі мен бір қызметкері негізін қалаған AgroSky стартапы дрондар мен жасанды интеллектке сүйенген жаңа басқару жүйесін ұсынып, фермерлердің шығындарын айтарлықтай азайтып, өнімділікті арттыруға мүмкіндік беріп отыр.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жобаның басты артықшылығы – дәл деректерге негізделген шешім қабылдау. Арнайы жабдықталған дрондар егістік алқаптарын жүйелі түрде әуеден шолып, мульти-спектрлі бейнелер жинайды. Бұл деректер онлайн-платформаға жіберіліп, жасанды интеллект алгоритмдері арқылы өңделеді. Нәтижесінде жүйе егістік пен топырақтың нақты жағдайын талдап, проблемалы аймақтарды анықтайды, тыңайтқыштардың онтайлы мөлшерін есептейді және суару бойынша дәлме-дәл ұсынымдар береді.

Мұндай тәсіл суды, тыңайтқышты және жанармайды шамадан тыс жұмсаудың алдын алып, ресурстарды тек шын мәнінде қажет учаскелерге бағыттауға жол ашады. Алдын ала есептеулерге сәйкес, AgroSky технологиясы су, тыңайтқыш және жанармай шығындарын шамамен 30 пайызға қысқартып, ал, егін өнімділігін 10-15 пайызға дейін арттыра алады. Бұл – қазіргі климаттық және экономикалық жағдайда фермерлер үшін аса маңызды көрсеткіштер.

Жүйенің тиімділігі биылғы жазда нақты тәжірибе жүзінде тексерілді. Дрондар алғашқы далалық сынақтардан сәтті өтіп, нақты ғылыми деректер жинады.

– Жартас ауылының маңындағы алқаптарда тәжірибелік-ғылыми әуебақылау жүргіздік. Негізгі мақсат – мультиспектрлі деректер жинап, алгоритмдердің нақты жағдайда қалай жұмыс істейтінін тексеру болды. Жиналған материалдардың негізінде егістіктердің жағдайын көрсететін егжей-тегжейлі карта әзірледік. Ол фосфор, азот, калий және көміртектің жоғары шоғырланған аймақтарын, сондай-ақ, агрономиялық стресс белгілері байқалған учаскелерді анықтап берді. Бұл деректер жабдықты калибрлеу, алгоритмдерді нақтылау және жүйені жаңа пилоттық сынақтарға дайындау үшін аса қажет, – дейді жобаның ғылыми жетекшісі Дмитрий Ожигин.

AgroSky-дың дамуы тек жергілікті деңгейде шектеліп қалған жоқ. 2025 жылдың көктемінде стартап халықаралық аренада таныла бастады. Команда GCIP 2025 (Global Cleantech Innovation Programme) бағдарламасына қатысуға өтініш беріп, халықаралық менторлардың кеңесіне, оқыту бағдарлама-



ларына және кәсіби сараптамалық қолдауға қол жеткізген.

Акселерациялық бағдарламаға іріктеу кезеңдері күрделі әрі бәсекелестікке толы болған. Жобалар инновация деңгейі, экологиялық тиімділігі, ауқымдану мүмкіндігі және технологиялық дайындық деңгейі бойынша бағаланыпты. Шамамен 250 өтініштің ішінен AgroSky GCIP-Kazakhstan бағдарламасына өткен 50 үздік команданың қатарына енді. Бұл – жобаның технологиялық әлеуеті мен өзектілігін айқын дәлелдейтін көрсеткіш.

– Акселераторға қатысу біз үшін зор серпін берді. Бұл гипотезаларымызды тексеруге, өнімді жетілдіруге, сарапшылардан күн-

ды ұсыныстар алуға және жобаның дамуына арналған нақты әрі жүйелі стратегия құруға мүмкіндік туғызды, – дейді команда жетекшісі.

Бүгінде AgroSky – тек технологиялық стартап қана емес, қазақстандық ауыл шаруашылығын цифрландыруға бағытталған нақты шешім. Дрондар мен жасанды интеллектті ұштастыра отырып, қарағандылық жас ғалымдар мен инженерлер фермерлерге шығынды азайтып, өнімді көбейтуге жол көрсетіп отыр. Бұл – ауыл еңбегін жеңілдетіп, агросекторды тұрақты әрі тиімді дамытуға бағытталған маңызды кадам.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

БӘРЕКЕЛДІ!

Тіл үйренудің тың тәсілі

Теміртауда мемлекеттік тілді насихаттаудың ерекше тәсілі іске қосылды. Мұнда жолаушылар жолақыны ақша түрінде емес, қазақ тілінде қойылған сұрақтарға дұрыс жауап беру арқылы «төлейді».

Желтоқсаннан бастап, металлургтер қаласында «Таксидегі QUIZ» атты тың жоба қолға алынған болатын. Бұл бастама Теміртау қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің Тілдік ресурстық орталығы тарапынан ұйымдастырылған. Жобаның негізгі мақсаты – қала тұрғындарын, әсіресе, өзге ұлт өкілдерін қазақ тілін үйренуге ынталандыру, күнделікті қарым-қатынаста қолдануға дағдыландыру.

Жоба аясында жолаушылар таксиге отырған сәттен қазақ тілінде түрлі сұрақтар қойылады. Жүргізуші – бір жағынан тіл үйретуші, екінші жағынан жолсерік. Әрбір дұрыс жауап үшін жолаушы шағын сыйлыққа ие болады. Ең бастысы – сапар тегін.

– Жобаны жұмыс күні аяқталған соңғы уақытқа – 17:00-19:00 аралығына жоспарладық. Өйткені бұл мезгілде қалада такси тапшылығы сезіледі. Жұмысшылар үйге қайтады, ата-аналар балабақша мен мектепке барып, балаларын алып кетеді. Сондықтан, бұл уақыт тұрғындар үшін ыңғайлы, – дейді ұйымдастырушылар.

Қазір ерекше такси қызметіне сұраныс аса жоғары емес. Дегенмен, ұйымдастырушылар жобаның біртіндеп танылып, қазақ тілінде сөйлеуге ұмтылатын азаматтардың көбейеріне сенімді.

– Біз адамдардың қазақша сөйлеуге деген қызығушылығын оятқымыз келеді. Бұл – еріксіз үйрету емес, қызықты формат арқылы ынталандыру, – дейді орталық қызметкерлері.

«Таксидегі QUIZ» қызметіне жазылу үшін WhatsApp арқылы 8-747-938-48-27 нөміріне хабарласу жеткілікті. Қызмет әзірге қанатқатқы режимде, алайда табысты болса, жоба кеңейіп, басқа қалаларда да іске асырылуы мүмкін.

Өз тілшімізден

БАСПАСӨЗ-2026

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2026 жылға жазылу жүріп жатыр. Газетке жазылу «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда рәсімдей аласыздар

Газетке 6 айға және 1 жылға жазылуға болады

Санаттар	Жеткізусіз (теңге) 12 айға	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)		«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	14 500	6 ай	13 770,14	10 141,30
		12 ай	27 540,28	20 282,60
Жеке жазылулар үшін	6 000	6 ай	6 141,30	5 891,30
		12 ай	12 282,60	11 782,60

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнысыз) балама жазылу жүргізіледі.

Анықтама телефоны:

41-26-85,
8-702-638-56-85,
8-705-902-04-05.

E-mail:

otdel.pochtovyy@bk.ru



Каспи QR
арқылы
жазылуға
болады

• ҚҰРМЕТ

Ақжолтай спортшыларды қабылдады

Токиода өткен XXV жазғы Сурдлимпиада ойындарында Ұлттық құрама сапында өнер көрсеткен қарағандылық спортшылар бес медаль жеңіп алған болатын. Оның екеуі – алтын, үшеуі қола жүлде. Әлемдік аренада ел намысын абыроймен қорғаған жерлестерді облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев арнайы қабылдап, құрмет көрсетті. Сондай-ақ, спортшылардың бапкерлеріне де лайықты сый-сияпат жасады.



Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Өңір басшысы Ермағанбет Қабдуллаұлы өз сөзінде:

– Сіздерге жүктелген міндет зор болатын. Байрақты бәсекеде жеңіске жетіп, ел спортының әлеуетін әлемдік деңгейде дәлелдедіңіздер. Алдағы уақытта да толағай табысқа жетіп, жаңа биіктерді бағындыруларыңызға тілектеспін, – деп атап өтті.

Осымен екінші мәрте Сурдлимпиада ойындарында бақ сынаған дзюдошы Еркебұлан Қанафин бұл жолы да алтын алып, екі дүркін чемпион атанды. Өзі спорттың осы түрімен шұғылданып жүргеніне 25 жылдың жүзі болған. Биылғы бәсекеде есту қабілеті шектелген спортшылар арасында 81 келі салмақ дәрежесінде сынға түсіп, қарсылас шақ келтірмеді. Ақтық бәсекеде венгриялық дзюдошы Патрик

Отвошты айқын басымдықпен жеңіп, Көк Туымызды көкке көтеріп қайтты. Одан бөлек, жерлесіміз командалық сында да өнер көрсетіп, командамен де І орын иеленді.

– Қарсыластарым өте мықты. Әсіресе, Алжир мен Жапония спортшылары. Осы екі белдесу мен үшін қиынға соқты. Бірақ, жеңіске деген жігер мен төккен тердің өтеуі қайтты. Бапкерімнің нұсқауымен жұмыс істеп, жеңіс тұғырынан көріндім. Алдына мақсат қойып, сол мақсаттың жолында тынымсыз еңбек етіп, табандылық көрсетсең, арманыңа жетеді екенсің. Жастарға осыны айтқым келеді, – деді Еркебұлан Қанафин.

Бұл бәсекеде қарағандылық таэквондошыларымыз жарады. Облысымыздан барған 58 келіде өнер көрсеткен Аян Әбдіраш, 67 келідегі Аида Макатова мен 57 келіде сынға түскен Айжамол Абдика-това жүлдегерлер қатарынан көрінді.

– Паралимпиадалық спорттың қарқынды дамып келе жатқанына қуаныштымын. Алдағы уақытта алтын медаль алу үшін бар күш-жігерімді саламын, – деп уәде берді Аида Макатова.

Қазақстанның WT сурдотаэквондо федерациясының басшысы, ұлттық құраманың бапкері Руслан Ишанов өңірде есту қабілеті бұзылған 85 спортшы таэквондомен шұғылданатынын баса айтты.

– Қазіргі таңда қарағандылық таэквондошылар көшбасшы позицияларды иеленіп отыр. Сондай-ақ, біз «үздік» екенімізді Сурдлимпиадада тағы бір мәрте дәлелдедік. Спортшыларымыз ел қоржынына үш қола медаль салды. Бұл – біз үшін үлкен жетістік. Ендігі міндет – жас ұрпақты сапалы дайындауға басымдық беру, – деді ол.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Үрімшіде өңірлік өкілдік ашылды

Қарағанды облысының өңірлік өкілдігі Қытайдың Үрімші қаласында өз жұмысын ресми түрде бастады. Жаңа алаң «Сарыарқа» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы мен QazTrade Сауда саясатын дамыту орталығының қолдауымен ашылды.



Сурет облыс жамағатын сайының

Салтанат І.ЛИЯШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Өкілдіктің негізгі мақсаты – қытайлық инвесторларды сүйемелдеу, Қарағанды облысы кәсіпкерлерінің Қытай нарығына шығуына қолдау көрсету, жергілікті өнімдерді ілгерілету, B2B форматтағы келіссөздер, іскерлік кездесулер ұйымдастыру. Жаңа кеңсенің ашылуы екіжақты жобалар аясындағы әкімшілік және коммуникациялық кедергілерді айтартықтай азайтады деп күтілуде.

– Біз Қарағанды кәсіпкерлеріне Қытай нарығына шығуға көмектесіп, инвесторларды тартуға басымдық береміз. Кеңседе арнайы өкіл жұмыс істейді, ол бизнесте туындаған мәселелерді шешуге жәрдемдеседі. Қосымша ақпаратты Инвесторларға қызмет көрсету орталығынан алуға болады, – деді облыстың өнеркәсіп және кәсіпкерлік басқармасының басшысы Асқар Ғазалиев.

Өкілдік жұмысы Қарағанды облысы делегациясының Қытайға жасаған сапары аясында іске қосылды. Делегация Бейжің, Үрімші, Цзинань (Шаньдун провинциясы) және Таншань (Хэбэй провинциясы) қалаларында бірқатар кездесулер өткізді.

Сапар қорытындысында энергетика, машина жасау, металлургия, логистика, авиация және экологиялық техноло-

гиялар салаларында бірқатар уағдаластықтарға қол жеткізілді. Атап айтқанда, Шахтинск қаласында жаңа жылу электр орталығын салу туралы келісім жасалды.

Сондай-ақ, Қарағанды мен Үрімші арасында жолаушылар және жүк тасымалына арналған тікелей әуе рейстерін іске қосу мүмкіндігі талқыланды. Қарағанды әуежайының карго-терминалын экспорттық-логистикалық мақсатта пайдалану жайы да қарастырылуда.

Цзинаньда Sinotruk, «Qaztehn» ЖШС және «Sagan Machinery» ЖШС арасында автокомпоненттер өндірісі мен сервистік орталық ашуға бағытталған келісімге қол қойылды. Таншаньда кабель зауытын салу туралы меморандум бекітілді. Сонымен қатар, Қарағанды мен Таншань қалалары арасында бауырластық байланыс орнату жөнінде келісім жасалды.

– Қол жеткізілген нәтижелер Қарағанды облысының инвестициялық және өндірістік әлеуетін дамытуға берік негіз қалайды. Ендігі кезекте осы уағдаластықтарды нақты жобаларға айналдыру – басты міндетіміз, – деді облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев.

Сапардың негізгі мақсаты – инвестиция тарту, бірлескен жобаларды дамыту, Қарағанды кәсіпорындарының экспорттық мүмкіндіктерін кеңейту. Бұл жұмыс Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес жүзеге асуда.

• КӘСІПКЕРЛІК

Тәуекел мен табыс тоғысы

Өңір экономикасының тамыры – кәсіпкерлік. Бүгінде шағын және орта бизнес қарқын алып, 102 мың субъектіге жетіп жығылған. Осы салада 236 мың адам нәпақасын тауып отыр. Яғни, өңірдегі әрбір екінші азаматтың тағдыры кәсіпкерлікпен тығыз байланысты. Өндірілген өнім көлемінің 38 пайызға артып, 1,9 трлн теңгеден асуы – нарықтың тынысы кеңейіп, іскерлік белсенділіктің артқанын аңғартады. Жыл ішінде іске қосылған 92 жаңа нысан да өңір картасында жаңа жұмыс орындары мен жаңа мүмкіндіктердің пайда болғанын көрсетеді. Кәсіпкерлік алаңында бұдан өзге қандай серпінді нәтижелер бар, өңірдің іскерлік келбеті тағы қалай түрленіп келеді?

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Биыл осы сан түрлі бағдарламалар аясында шағын және орта бизнеске жалпы сомасы 65,4 млрд теңгені құрайтын 2 мың жобаға мемлекеттік қолдау көрсетілді. Өндірісін кеңейтін дегенге демеу, тың идеясына серпін іздегенге сенім ұялатқан қаражат қайтарымы еселеп қайтарына сенім мол. Әлбетте, әлеуметтік жауапкершілікті ту еткен кәсіпкерлер де назардан тыс қалған жоқ. Қоғамға пайдалы деген бастамаларымен ерекшеленген сегіз жобаға 40 млн теңге көлемінде грант берілді. Ал, кәсіпкерлікті сүйемелдеу бағыты өңірдегі іскерлік ортаның жүйелі жұмыс істеп тұрғанын аңғартады. Жыл бойы облыс кәсіпкерлеріне 8 979 консультативтік қызмет көрсетіліп, әрбір сұраққа нақты жол картасы ұсынылды. Мұның бәрі өңірде кәсіпкерлікке жан-жақты қолдау мен серіктестікке негізделген экосистем ретінде қалыптасып келе жатқанын айқын аңғартады.

Өңірдегі сауда саласы да қарқынын бәсеңдеткен жоқ. Ішкі сауда көлемі 9,7 пайызға өсіп, 4,5 трлн теңгеге жетті. Демек, тұтынушылық сұраныстың артқанының, нарықтағы айналымның жандана түскені. Бөлшек сауда көлемі бойынша орталық облыстың республикада үшінші орынға шығуы – аймақтың іскерлік әлеуеті мен халықтың сатып алу қабілетінің сақталып отырғанын көрсетсе, көтерме саудадағы төртінші орын өңіріс пен логистиканың жүйелі дамуын жол нұсқайды. Ал, электрондық сауда 22,8 млрд теңгеге жетіп, өңірді осы көшелі көрсеткіш бойынша ел көлемінде үздік үштіктің қатарына қосты. Цифрлық алаңдағы соны

серпін дәстүрлі сауданың жаңа форматпен ұштасып, Қарағанды өңірінің нарықтық келбетін заманауи арнаға бұрып келеді.

Салық саясатына оралсақ, аймақ бөлшек салық мөлшерлемесін алғашқылардың бірі болып, 4 пайыздан 2 пайызға дейін төмендеті білді. Салық енгізілген сәттен бастап, салық төлеушілер саны 30 есеге өсіп, 4,2 мыңға жетті. Шағын және орта бизнестен түскен салық түсімдері 299,5 млрд теңгені құрап, жалпы, салық түсімдерінің 54 пайызын қамтамасыз етті. Өңірлік жалпы өнім құрылымындағы шағын және орта кәсіпкерліктің үлесі 18,7 пайызға жетіп, 0,9 пайыздық тармаққа артты.

Таңсәріден тіршілігін түгендеп, кеш батқанша еңбегін еселеген мыңдаған тағдырдың тынысы, жаңа нысандардың шамынан бастап, цехтардағы үзіліссіз қозғалыс, сауда сөрелеріндегі молшылық алдымен іскер адамның табандылығы мен сенімінен өрістеуде. Бүгінгі өңір экономикасы дәл осы кәсіпкерлік арқылы өз тамырын тереңге жайып отыр. Мемлекеттік қолдау мен жеке бастаманың тоғысқан тұсында іскерлік рух нығайып, нарыққа жаңа мәдениетпен қатар жауапкершілік те келді. Сайып келгенде, ертеңгі күннің экономикалық келбеті де бүгінгі батыл шешімдер мен тынымсыз еңбектің нәтижесінде қалыптаспақ. Өңір кәсіпкерлері сол жауапты жолда тәуекел мен есепті тең ұстап, дамудың жаңа көкжиегіне бет түзеп келеді. Іскерлік ілгерілеген сайын өңірдің де еңсесі биіктей береді.

• ӨҢІРЛЕРДІ ДАМУ

Ауыл халқы алысқа сабылмайды

Мемлекет басшысының әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту жөніндегі тапсырмасын іске асыру аясында Шет ауданына қарасты Красная поляна ауылдық округінің Қарамұрын ауылында жаңа медициналық пункт ел игілігіне пайдалануға берілді. Ауыл тұрғындары үшін бұл – денсаулық сақтау саласындағы маңызды әрі көптен күткен қуанышты жаңалық.

Нұрлос КӨРІМ, «Ortalyq Qazaqstan»

Жаңа медициналық пункт қазіргі заман талаптарына сай. Нысан заманауи медициналық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіліп, дәрігерге дейінгі қабылдау, қарау, рәсімдеу және науқастарды қабылдау кабинеттерімен жабдықталған. Бұл ауыл тұрғындарына алғашқы медициналық көмекті дер кезінде әрі сапалы көрсетуге мол мүмкіндік береді. Қарамұрын ауылындағы медициналық пункт 200-ден астам тұрғынға қызмет көрсетеді. Бір ауысымда 25 адамды қабылдауға есептелген нысан ауыл тұрғындарының аудан орталығына сабылмай-ақ, өз елдімекенінде медициналық көмек алуына жол ашып отыр. Әсіресе, қарттар мен балалар үшін мұндай қолжетімділік аса маңызды.

• ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

Қастерлі құндылық

Ермек БАЛТАШҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне орай ұлы мерекенің тарихи маңызын дәріптеу, ұлттық бірегейлікті нығайту және жастар арасында отансүйгіштік құндылықтарды қалыптастыру мақсатымен Қарқаралының тарихи-өлкетану музейінде «Тәуелсіздік – елдігіміздің басты құндылығы» деген тақырыпта дөңгелек үстел ұйымдастырылды.



Салтанатты ашылу рәсіміне қатысқан Шет ауданы әкімінің орынбасары Дәурен Кәрімбаев, Красная поляна ауылдық округінің әкімі Жайдар Шайжанов, медицина саласының ардагері Дәметкен Айнабекқызы ауылдық жерлердегі денсаулық сақтау саласын дамытуға ерекше көңіл бөлініп отырғанын атап өтті. Берекелі бастамаға ауыл ақсақалы Исайн Токкожинов батасын берді.

– Ауылдағы денсаулық сақтау саласын жаңғырту ұлттық жобасы аясында Қарамұрын ауылында жаңадан салынған медициналық пункт ғимараты бой көтеріп, бүгін салтанатты түрде ашылып отыр. Бұл медициналық нысан тұрғындарға сапалы әрі жедел медициналық көмек көрсету мақсатында

жұмысын жалғастырады. Қуантатын жайт – медициналық пунктке жас маман қызметке орналасып, өз жұмысын бастап кетті. Осындай игі істер ауыл тұрғындарының әл-ауқатын көтеруге бағытталған, – деді Шет ауданы әкімінің орынбасары Дәурен Кәрімбаев.

Айта кетейік, жаңа медициналық пункттің ашылуы – ауыл тұрғындарының өмір сапасын арттыруға бағытталған нақты кадам. Бұл нысан алдағы уақытта ауыл халқының денсаулығын нығайтып, профилактикалық жұмыстарды жүргізуге ықпал етпек.

Шет ауданы

Сурет Шет ауданы әкімдігінің баспасөз қызметінен

Іс-шараға аудан әкімінің орынбасары Нұржан Ильяшев, Алматыдағы Желтоқсан көтерілісіне қатысушылар Сләмиден Нұркенов, Мақсат Омарбеков, Тиышбек Хамитов, ардагерлердің аудандық кеңесінің төрағасы Ойрат Жүкібаев және аудан жастары қатысты.

Дөңгелек үстел барысында Нұржан Ағыбайұлы мен Желтоқсан оқиғасына қатысушы Сләмиден Қамашұлы қазақ ұлтының тарихында айрықша орын алатын 1986 жылы Алматыда болған Желтоқсан көтерілісінің манызы туралы дербес ой-пікірлерімен бөлісті.

Дөңгелек үстелде Егіндібұлақ ауылы-

ның тұрғыны, ардагер ұстаз Мұхит Қапсаттарұлы, аудандық архивтің басшысы Манарбек Әзімбекұлы, аудандық қазынашылық басқарманың басшысы Мұрат Тәңірбергенұлы, ардагер журналист, «Абыз» театрының режиссері Бану Даутанқызы кезек алып, елдің баянды болашағын жасаудағы жастардың рөлі, Отанымыздың тәуелсіздігін сақтау жолындағы жауапкершілігі жөнінде мазмұнды сөз сөйледі.

Іс-шараның қорытындысында дөңгелек үстелге қатысушылар ел Тәуелсіздігін сақтау мен нығайту – әрбір азаматтың ортақ міндеті екенін атап өтті.

• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

Жастар жігерін жаныған жүлде

Тәуелсіздік күні қарсаңында Балқаш қаласында жастардың еңбегін, ізденісін және ел дамуына қосқан үлесін дәріптейтін қала әкімінің «Өркен» жастар сыйлығын табыстау рәсімі жоғары деңгейде өтті. Биыл бұл марапат 16-рет ұйымдастырылып, ел ертені саналатын жалынды жастардың жетістіктері тағы бір мәрте айқындалды.

Нұрлос КӘРІМ, «Ortalyq Qazaqstan»

Салтанатты кешті Балқаш қаласы әкімінің орынбасары Даниір Серіков ашып, жастарға жүрек-жарды лебізін білдірді. Өз сөзінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Бүгінгі жастар – еліміздің ертені, ұлтымыздың болашағы» деген қанатты сөзін негізге ала отырып, жастарды қолдау – мемлекеттік саясаттың басым бағыты екенін атап өтті. Бұдан кейін жастарды марапаттады.

Алғаш болып «Мейірім» номинациясы табысталды. Бұл марапат жастар саясатына белсене араласып, саламатты өмір салтын насихаттауға үлес қосқан Ақмарал Жұмағазықызына бұйырды. «Қайсар» номинациясының жеңімпазы – жастар арасында қазақстандық патриотизмді дамытуға атсалысқан Аманжол Қайратұлы. Еңбекке баулып, адал қызметтің үлгісін көрсеткені үшін «Еңбек адамы» номинациясымен Әкім Мінопас марапатталды. Ал, өз ісінің хас шебері атанған Ерболат Нұрланұлы



«Шебер» номинациясының иегері болды.

Сонымен қатар, Балқаш қалалық мәслихатының төрағасы Ахат Мүслімов келесі бірқатар марапаттарды табыстады. «Білім және ғылым саласындағы үздік жас маман» атағы жас ұрпақты білім мен ғылымға жетелеп жүрген Ақбаян Жұмыроваға берілді. Оқу мен ғылымда биік нәтижелерге қол жеткізген Дильда Еркебаева «Жыл оқушысы» атанды. Халықаралық ареналарда ел намысын қорғап жүрген спортшы Рамазан Нұрлыбаев «Жыл спортшысы» номинациясымен марапатталды. Жеңімпаз қазіргі уақытта жарысқа

дайындықта болғандықтан, сыйлық оның серіктесіне табысталды. Мемлекеттік қызмет саласында белсенділігімен танылған Түрбек Нұрахметұлы «Жас мемлекеттік қызметші» номинациясының иегері атанды. «Жыл студенті» номинациясына Апель Амиртаева лайық деп танылды.

«Жыл волонтері» номинациясымен еріктілік қызметті дамытуға үлес қосқан Нұрбатыр Бимурзин марапатталды. Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты, «Өркен» сыйлығының тұрақты демеушісі Андрей Сокульский «Жас өлкетанушы» номинациясын Павел Новокшоновке тапсырды. «Ақпарат сала-

сының белсендісі» номинациясын Айдана Несіпбай мен Гүлзат Каукербекова иеленсе, интеллектуалдық даму мен кітап оқуды насихаттағаны үшін «Ізденіс» номинациясы Айгерім Аманғалиге табысталды.

Салтанатты кештің соңы ән мен биге ұласып, көрермендерге ерекше әсер қалдырды. Кешті қорытындылаған ұйымдастырушылар «Өркен» сыйлығы жастардың еңбегін бағалап қана қоймай, оларды жаңа асуларға жетелейтін үлкен қадам екендігін атап өтті.

БАЛҚАШ

Сурет автордан

• ГРЭППЛИНГ

Төртінші мәрте төрге озды

АҚШ-тың Техас штатындағы Даллас қаласында грэпплингтен NAGA әлем чемпионаты өткен болатын. Оған әлемнің әр елінен 1600 спортшы қатысып, өзара мықтыны анықтады. Байрақты бәсекеде қарағандылық Умар Имендинов ел атынан қатысып, үздік шықты. Осылайша, жерлесіміз грэпплингтен төрт дүркін әлем чемпионы атанды.



Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Жерлесіміз чемпионат барысында үш белдесу өткізілті. Әрі сол үш кездесуді де мерзімінен бұрын аяқтап, әлем чемпионатының алтынын алды.

– Чемпионаттан алған әсерімді сөзбен жеткізіп айта алмаймын. Төрешілер – білікті мамандар. Сондай білікті мамандардың арқасында сайыс әділ әрі жоғары деңгейде өтті. Үш қарсыласым да америкалық, мексикалықтар. Бұған дейін АҚШ-та бірнеше мәрте кездесу өткізгенмін. Содан бөлек керек, бұл жактың ауа райына, ортасына тез бейімделдім. Ешқандай қиындықтар болмады, – деді әлем чемпионы.

Умардан аталған спорт түрімен айналысып жүргеніне де 10 жылға жуықтапты. Әуелі жерлесіміз спорттағы жолын аралас жекпе-жек түрлерінен бастаған. Содан бері түрлі турнирлерде топ жарып келеді. Бүгінде жерлесіміз MMA бойынша спорт шебері. Джигу-джитсудан үш мәрте әлем чемпионы атанған. Сонымен қатар, грэпплингтен Қазақстан чемпионаттарының алты дүркін чемпионы. Одан бөлек, по-грі джиу-джитсу және коян-колтық ұрысынан да бак сынап, ел чемпионатында бірнеше мәрте жүлдегер атанған.

Айта кетейік, Умар Имендинов грэпплингтен NAGA әлем чемпионатының алғашқы алтынын 2020 жылы еншілепті. Содан кейін 2024 жылы екі мәрте жеңіс тұғырынан көрінген.

• ПАРАОЙЫНДАР

Орасан олжамен оралды

Дубайда жасөспірімдер арасындағы V Азия параойындары өткен болатын. Азияның 45 елінен келген жас спортшылар бақ сынаған дүбірлі долада Қазақстан ұлттық құрамасы да табысты өнер көрсетті. Жарыс қорытындысы бойынша ұлттық құрама спортшылары 25 алтын, 23 күміс және 20 қола жүлдеге қол жеткізді. Ұлттық құрама сапында сынға түскен қарағандылық жасөспірімдер жарыс қоржынына 11 медаль салды.

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Паражүзуші Ділназ Бейсекеева мен Нұрәулет Дүйсенбаев тоғыз қашықтық бойынша сынға түсіп, олжалы оралды. Атап айтсақ, Ділназ 200 метр кешенді жүзуден топ жасра, 100 метр брасс, 50 метр еркін жүзу, 100 метр баттерфляй түрлерінен күміс медальді жеңіп алды. Ал, Нұрәулет 100 метр баттерфляй,



100 метр шалкалап жүзу, 100 метр брасс, 200 метр кешенді жүзу және 50 метр еркін жүзуден алтыннан алқа тақты. Айта кетейік, қос спортшымыз жүзумен тоғыз жылдан бері шұғылданады. Бүгінде екеуі де Қарағанды жоғары гуманитарлық колледжінде білім алуа.

Пара жеңіл атлетикадан сынға түскен теміртаулық Карина Жұмабаева да алтыннан алқа тақты. Жерлесіміз 800 метрге жүгіруден сынға түсіп, қарсылас шак келтірмеді.

Одан бөлек, Қазақстанның голбол құрамасы да қарсылас шак келтірмей, алтын медальға қол жеткізді. Сол құраманың ішінде жерлесіміз Ерзат Сайлау да бар. Ол – ұлттық құрама сапында негізгі құрамда ойынға шыққан спортшы. Ойын барысында үздік нәтиже көрсетіп, команданың жеңісіне өлшеусіз үлес қосты.

Сурет облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасынан

• РЕСМИ

Қазынашылық: ашықтық пен адалдық

Бүгінгі күні сыбайлас жемқорлық мәселесі еліміздің ғана емес, әлемнің ғаламдық проблемасына айналып отыр. Ол кез келген елдің саяси дамуына қарамастан әлеуметтік құбылыс ретінде өз алдына дамып келеді. Сыбайлас жемқорлық тек құқық бұзушылық қана емес, ол мемлекеттің дамуына тосқауыл болатын, халықтың мемлекетке деген сеніміне селкеу түсіретін және ұлттың экономикалық қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін жағымсыз әлеуметтік құбылыс, сондықтан, сыбайлас жемқорлықпен күресу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл саясаты, кез келген мемлекеттің даму саясатының ажырамас бөлігі болып табылады.

Елімізде Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы әрекет етеді. Бұл тұжырымдамаға сәйкес жобалық басқарудың үлгілік базалық бағытының «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және қарсы іс-қимыл» бойынша жобалар картасы және әр түрлі нысаналы топтар деңгейінде декомпозицияланған ақпараттық жұмыс жүргізу жөніндегі іс-шаралар жоспары іске асырылуда. Басты мақсат – қоғамда парасаттылық жүйесін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және сол арқылы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу. Мемлекет саясатының негізгі ба-сымдықтарының бірі де сол, қоғамның оның ішінде мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері мен әрбір азаматтың

азаматтық борышы сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік болып табылады, егер жемқорлықтың қандай да бір түріне кез болған жағдайда ол туралы бірден басшылыққа, мемлекеттік мекеменің әдеп жөніндегі уәкіліне, немесе, 1424 нөмірі арқылы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметіне хабарлау – азаматтың Қазақстан Республикасында жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатына қосқан үлесі.

Шахтинск қалалық қазынашылық басқармасында 2025 жылғы 8-19 қыркүйегі аралығында Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің Қарағанды облысы бойынша қазынашылық департаменті басшысының 2025 жылғы 11 ақпандағы №9 «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің

Қарағанды облысы бойынша қазынашылық департаменті және аудандық (қалалық) қазынашылық басқармаларының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау жүргізу туралы» бұйрығы негізінде, Шахтинск қалалық қазынашылық басқармасы қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді. Талдау басқарма қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілердегі, сондай-ақ, басқарманың ұйымдастыру-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыттары бойынша жүргізілді. Талдау жүргізілген бағыттар бойынша тәуекелдер анықталған жоқ. Сонымен қатар, Шахтинск қалалық қазынашылық басқармасында мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туралы ақпаратқа жедел қол жеткізу мақсатында жеке және заңды тұлғалардың хаттары мен өтініштеріне арналған жәшік қойылған және сенім телефоны жұмыс істейді, сондай-ақ, азаматтарды барлық өтініштерін қабылдау және өңдеу үшін «e-otinish» бірыңғай алаңыда жұмыс істеп тұр. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің, Қазынашылық комитетінің және Қарағанды облысы бойынша қазына-

шылық департаментінің әдеп жөніндегі уәкілдері туралы ақпараттары мен байланыс телефондары, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің бірыңғай байланыс нөмірі мен басқа да қажетті ақпараттар орналасқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпараттық стендтерінде орналастырылған.

Мемлекеттік мекемелерден қазынашылық басқармасына келіп түскен қаржылық және төлем құжаттарын өңдеу «Қазынашылық-Клиент» электронды ақпараттық жүйесі ақылы жүзеге асырылады, бұл сыбайлас жемқорлықтың алдын алып, жоюдың бір кепілі болып табылады. Қазынашылық басқармасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты насихаттау және мемлекеттік қызметшілердің бойында адалдық, парасаттылық пен сыбайлас жемқорлықтың кез келген түріне төзбеушілікті қалыптастырып, жемқорлыққа қарсы мәдениетті арттыру бойынша жұмыстар үздіксіз жалғасуда.

Талғат МЕКЕЙ, Шахтинск қалалық қазынашылық басқармасының басшысының орынбасары

Орталыққазжерқойнауы» ӨД РММ Әдеп жөніндегі уәкілдің қызметі

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің этикалық нормалары мен мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығын орындау үшін Әдеп жөніндегі уәкіл қызметтік этика нормаларын сақтауды және заңнаманы бұзушылықтардың алдын алуды қамтамасыз ету бойынша өз қызметін жүзеге асырады, сондай-ақ, өз функциялары шегінде мемлекеттік қызметшілер мен азаматтарға кеңес береді.

Әдеп жөніндегі уәкіл туралы Ереженің 4-тармағының 6) тармақшасына сәйкес, Әдеп жөніндегі уәкіл өз құзыреті шегінде мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасы нормаларының сақталуына мониторинг пен бақылауды жүзеге асырады.

Осыған байланысты этикалық нормалардың бұзылуының алдын алу, мемлекеттік қызметшілердің әдептілік деңгейін арттыру мақсатында әдеп жөніндегі уәкіл тұрақты негізде семинарлар мен дәрістер түрінде түсіндіру іс-шараларын өткізеді.

Осылайша, 2025 жылғы Әдеп жөніндегі уәкіл Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексін сақтауға, «ҚР мемлекеттік қызметі туралы» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңдарына енген өзгерістер мен толықтыруларды талқылауға қатысты 4 семинар өткізді. «Орталыққазжерқойнауы» ӨД РММ мемлекеттік қызметшілері арасында қызметтік әдеп нормаларының сақталуын және ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуалдың жай-күйін мониторингтеу мақсатында анонимді 3 сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижелері департаменттегі моральдық-психологиялық ахуал тұрақты және жайлы екенін көрсетті, ұжымда іскерлік және тілектестік қарым-қатынастар, сындарлы ынтымақтастық нығаюда.

Сондай-ақ, Әдеп жөніндегі уәкілдердің 2025 жылға арналған үлгі жұмыс жоспарын орындау мақсатында іс-шаралар өткізілді.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы ақпаратқа жедел ден қою үшін жеке және заңды тұлғалардың хаттары мен өтініштеріне арналған пошта жәшігі тұрақты негізде жұмыс істейді. Департаменттің стөндінде және «Орталыққазжерқойнауы» ӨД РММ интернет-ресурсында әдеп жөніндегі уәкілдің байланыс телефондары орналастырылған.

Әдеп жөніндегі уәкілге телефон арқылы хабарласуға болады: 8-708-548-66-20, 8(7212)41-33-64 және электронды поштасы a.zhunusov@mps.g

д

• ПӘН ОЛИМПИАДАСЫ

Ауыл мектебінің асуы

Қарағанды қаласында ауыл мектептерінің 9-11(12) сынып оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың үшінші – облыстық кезеңінің жүлдегерлері мен жеңімпаздарын салтанатты марапаттау рәсімі өтті.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Аталған салтанатты шараға Нұра ауданынан 30 оқушы қатысып, игерген білімдері жоғары деңгейде екенін көрсетіп, үздік нәтижелерге қол жеткізді. Осы іс-шара барысында ерекше атап өтетін оқиға – ауыл мектептерінің оқушылары арасында өткен республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінде жоғары нәтиже көрсеткені үшін Нұра кентінің Мағжан Жұма-

баев атындағы жалпы білім беретін мектеп-гимназиясы «Ең үздік ауыл мектебі» номинациясымен марапатталып, заманауи ІТ кабинетпен жабдықтау үшін 20 миллион теңге сертификатқа ие болғаны.

Нұралық жас дарындар ұстаздарын, ата-аналары мен жерлестерін білім сапарындағы жоғары нәтиже көрсеткенін қуанта береді деген үміт зор.



Жаңалық
әрқашан жаныңызда!
https://ortalyq.kz/

• БАЙҚАУ

Мыңнан тұлпар шыққандар

Аймақта мектеп оқушылары арасында қыркүйек айында басталған «Тұлпар мініп, ту алған» байқауы мәресіне жетті. Аудандық, қалалық кезеңдерден іріктелген 39 қатысушы ақтық кезеңде бақ сынады.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Байқау талабына сәйкес, қатысушылар «Бөгенбай батыр» жырын Тастыбай Жағыпарұлының нұсқасында жатқа айтып қана қоймай, көнерген, тарихи сөздердің мағынасын ашып, географиялық жер-су атауларын ажыратуы керек. Жобаға облыс әкімдігі мен «AMANAT» партиясы мұрындық болды.

Жеңімпаз есімі жарияланған салтанатты шараға облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей, «Апапат» партиясы облыстық филиалының төрағасы Бекзат Алтынбеков және басқа да зиялы қауым өкілдері қатысты.

Жыр додасы Қарағанды облысынан басқа өңірлерде осыдан 8 жыл бұрын басталған еді. Ол кезде оқушылар «Алпамыс батыр» жырын жаттаған. Келесі байқауларда «Қобыланды батыр», «Ер Едіге» жырлары қамтылды.

«Тұлпар мініп, ту алған» ұлттық байқауының аудандық, қалалық кезеңі 20-28 қараша аралығында өтті. Бірінші кезеңде топ жарған өнерпазға 150 мың теңге, ІІ орынға 100 мың, ал, ІІІ орынға

70 мың теңге қаржылай сыйлық табысталған. Ақтық кезеңде жүзден жүйрік атанған жеңімпаздың есімін жарияламас бұрын облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей сөз сөйлеп, байқаудың тәрбиелік және рухани мәніне ерекше тоқталды.

— «Қазақ халқының рухани мұрасын жаңғыртуды көздейтін игі бастама тәуелсіздік мерекесімен тұспа-тұс келді. «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» деген бір ауыз сөз мәңгі ұранымыз болуға тиіс», — деген Президентіміз азаттығын сан ғасыр ансаған елдің бүгінгі күніне бағдар беріп, ертенгі мұратын айқындады. Жаугершілік заманда елін, жерін қорғап, қазақтың азаттығын сақтау жолында аянбаған Бөгенбай батырдай даңқты қолбасшылардың ерлігі кейінгі ұрпақтың рухын асқақтатты. Қастерлі күн қарсаңында жас өрендердің даңқты қолбасшының ерлігін жырлауын — бабалар рухына жасалған тағзым, елдік рухтың жаңғыруы деп білеміз. Бүгін сахнаға шыққан жас жыршылардың өнерінен батыр бабаларымызға деген құрмет, ұлттық мұраға деген адалдық байқалды. Бұл — елдің ертеңіне деген үмітімізді нығайтатын ерекше көрініс. Өйткені, жыр жаттаған баланың ойы жүйрік, тілі шымыр, қайсар, намысшыл, отаншыл келеді. Сондай-ақ, ұлттық құндылықтарымыздан сусындап өседі.



Осындай талапты жастарға тәлім-тәрбие берген ұстаздар мен ата-аналарға алғысымыз шексіз! Бұл жобадан ешкім жеңілген жоқ. Себебі, жыр жаттау арқылы жас өрендердің санасына сіңген ақпарат, бойларында қалыптасқан қабілет алдағы өмірлерінде талай

шынды бағындыруға жол ашады, — деді Әлібек Әлденей.

114 беттен тұратын «Бөгенбай батыр» жырын жатқа айтып, жарысуға 4 мыңнан астам оқушы өтініш берген. Соның ішінде 70-ке жуығы — өзге этнос өкілдері.

Жыр бәйгесінде оза шыққан талапкер — Райана Әмірхановаға 1 млн теңге көлемінде қаржылай сыйлық және Қазтұтынуодағы университетінің білім гранты да табысталды. Дарынды өнерпазды бірнеше ай бойы дайындаған ұстазы

— Толғанай Ерменбетоваға да 1 млн теңге көлемінде сертификат пен Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы атынан су жаңа көлік тарту етілді.

ІІ орын Ақтоғай ауданынан келген Инабат Сәрсенбекқызына бұйырды. Жетекшісі Арайлым Тенелді екеуіне 500 мың теңгеден ақшалай жүлде берілді. ІІІ орынды Шет ауданының тумасы — Жанерке Өміргалиева еншіледі. Жетекшісі Жұлдыз Шопанова екеуіне 250 мың теңгеден сертификат табысталды.

Жеңімпаздарды облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей мен Алаштың ақберені, ақиық акын Серік Ақсұңқарұлы және экономика ғылымының докторы, профессор, Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің ректоры Ерқара Аймағамбетов табыстады.

Қарағандыдағы №1 арнайы мектеп-интернатының оқушысы Нұрсая Ырзағалиға қазылар алқасының шешімімен арнайы жүлде тағайындалды. «Қос жанарынан айрылған жеткіншекке жыр жаттату оңайға соқпады», — дейді ұстазы Гүлнұр Балтабаева.

— 114 бет, 4040 жол, 30 мың сөз. Осының бәрін шәкірттім тыңдап отырып жаттады. Сонымен қатар, осы жырды нүктелі алфавитпен жазып шықтық. Жырды жан-тәнімен сезіну үшін ипподромға да арнайы барып, аттың жалын ұстаттық. Ат әбзелдерін де қолына ұстап көрді. Батырлардың қару-жарақтары сақталған музейлерге бардық, — деді Гүлнұр Балтабаева.

Марапаттау рәсімі концерттік бағдарламаға ұласты. Жеңімпаздар мен ұстаздардың құрметіне қазақтың классикалық әндері орындалды. Сахна төріне «AMANAT» партиясы облыстық филиалының төрағасы Бекзат Алтынбеков те көтеріліп, өзінің лебізін білдірді.

Суретті түсірген
Александр МАРЧЕНКО

• БОКС

Дәстүрлі дода дүбірі

Қарағандыдағы С.Сәпиев атындағы Бокс орталығында Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген жаттықтырушысы Ғалым Жарылғаповты еске алуға арналған бокстан 41-ші Халықаралық турнир басталды. Дәстүрлі додада Қазақстаннан бөлек, Қытай, Тәжікстан, Өзбекстан мемлекетінен 200-ден астам боксшы бақ сынауда. Ал, облыс атынан 27 ер және 11 қыз спортшы өнер көрсетуде.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Турнирдің ашылу салтанатына аты аңызға айналған спортшылар мен білікті бапкерлер, қоғам қайраткерлері қатысып, қатысушыларға жылы лебізін білдірді. Атап айтсақ, 1972 жылғы Олимпиада ойындарының қола жүлдегері, КСРО-ның үздік футболшысы Евгений Ловчев, бокстан КСРО-ның еңбек сіңірген жаттықтырушысы, КСРО-ның екі дүркін чемпионы Кәріпжан Әбдірахманов, Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы Нұрғазы Жарылғапов және өзге де мәртебелі меймандар болды. Облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Серік Сәпиев іс-шараның шымылдығын түріп, қатысушыларға сәттілік тіледі.

— Біз кезінде өз дәуірінің ең атакты, ең тәжірибелі спортшылардың дәл осы турнирде өнер көрсеткеніне талай мәрте куә болдық. Осы турнирдің арқасында қаншама Олимпиада чемпиондары үлкен спортқа жолдама алды. Бүгінгі қатысушылар үшін де бұл турнир спорттағы үлкен бастау деп білемін. Жас спортшылар алдағы уақытта әлем чемпионаттарының

жеңімпазы атанып, Олимпиада ойындарының тұғырынан көрінуге жазсын! — деді Серік Жұманғалиұлы.

Ал, бокстан Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы Нұрғазы Жарылғапов болса турнирдің қалыптасу кезеңі жайында естелігімен бөлісіп, қатысушыларға алғысын білдірді.

— Қарағанды — чемпиондар ұстаханасы. Әрі күні бүгінге дейін де сол мәртебеден түскен жоқ. Жуырда ғана Дубайда өткен әлем чемпионатында Абылайхан Жүсіпов алтын медаль жеңіп алса, Сабыржан Аққалықов күміс жүлдеге қол жеткізді. Ал, Нұрмағамед Юсупов бесінші орыннан көрінді. Бұл — қарағандылық боксшылардың елімізде ғана емес, әлемдік деңгейде де үздіктер қатарында екенін айқын дәлелдейтін нәтиже, — деді Нұрғазы Ғалымұлы.

Биылғы турнирде 145 ер және 71 қыз 10 салмақ дәрежесі бойынша өзара мықтыны анықтауда. Додаға әділ төрелік ету үшін көрші мемлекеттерден халықаралық жәршібесі бар білдікті төрешілер шақырылған. Айта кетейік, турнир 20 желтоқсанға дейін жалғасады.

Сурет облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасынан

• КҮРЕС

Арқа төсіндегі аламан

Қарағандыда ұлы ойшыл, кемеңгер акын Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл толуына орай дзюдо, самбо және қазақ күресінен Азия кубогы өтті. Дүбірлі додаға Қазақстаннан бөлек, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Грузия елінен жасы 35-тен асқан 300-ден астам спортшы қатысып, бөзкілемде бақ сынады. Іс-шараның ашылуына облыс әкімінің орынбасары Руслан Кенжебеков қатысып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сонымен қатар, облыстық дзюдо, самбо және қазақ күресінен ардагерлер мен спорт шеберлері федерациясы қоғамдық бірлестігінің президенті Райымбек Слямов, облыстық мәслихаттың депутаты Ерден Халилин және облыстық дзюдо федерациясының вице-президенті Алексей Ломакин де сөз алып, жарысқа қатысушыларға ізгі тілегін жолдады.

Салтанатты рәсім барысында спорт саласының өркендеуіне сүбелі үлес қосқан үздік спортшылар мен жаттықтырушыларға «Спорт саласын дамытуға қосқан үлесі үшін», «Қазақстан патриоты» төсбелгісі, Құрмет грамотасы мен Алғыс хаттар табысталды.

Облыстық самбо федерациясының атынан әлем чемпионатының жүлдегерлеріне 500 мың теңге көлемінде ақшалай сертификат табысталды. Атап айтқанда, әлемдік ареналарда ел намысын абыроймен қорғаған Жандос Бейсенбаев, Мадина Ержан және Маргарита Бажаеваға осындай марапат берілді. Ал, самбодан әлем чемпионы Ниятхан Төлеуханға федерация тарапынан 1 миллион теңгелік сертификат және автокөлік сыйға тартылды.

— Былтыр Қарағандыда дзюдо, самбо және қазақ күресінен республикалық турнир ұйымдастырдық. Биыл бұл жарыс Азия деңгейіне көтерілді. Әрі биылғы бәсекеге тек спортшылар ғана емес, ардагерлер де өнер көрсетуде. Азия кубогына ең егде қатысушы Ақмола облысы, Степногорск



қаласынан келген 82 жастағы ақсақал. Біз осындай ардагерлерімізді өскелең ұрпаққа үлгі етіп, спортқа деген қызығушылығын арттырғымыз келеді. Алдағы жылы Қарағандыда самбодан әлем чемпионатын және қазақ күресінен «Қарағанды барысы» турнирін өткізуді жоспарлап отырымыз, — деді облыстық дзюдо, самбо және қазақ күресінен ардагерлер мен спорт шеберлері федерациясы қоғамдық бірлестігінің президенті Райымбек Слямов.

Биылғы бәсеке үш күнге созылды. Жарыстың алғашқы күнінде дзюдошылар өнер көрсетсе, одан кейін татамиге самбошылар шықты. Үшінші күні қазақ күресінен. Ал, облыс атынан сынға түскен Жанат Омарбеков Азия чемпионатынан жүлдесіз қайтпады.

Жанат Шет ауданының тумасы екен. Күреспен бала кезінен бері шұғылданып келеді. Аталған турнирде күрестің үш түрінен бәс сынап, жүлделі орындардан көрінді. Жарыстың бірінші күнінде дзюдодан 71 келі салмақта өнер көрсетіп, ІІ орын алған. Екінші күні самбодан да дәл осы салмақта белдесіп, күміспен күп-

телген. Ал, жарыстың үшінші күні қазақ күресінен өткен турнирде 74 келіде бақ сынап, алтыннан алқа тақты.

— Бала кезімде аудандық деңгейдегі турнирлерді жібермейтінмін. Сол жерден жетістікке жетіп, облыс көлеміне шықтым. Содан кейін шәкірт тәрбиелеп, жарыс жолына спортшы ретінде шықпай кеткенмін. Араға 20 жыл салып былтыр самбодан ел чемпионы атандым. Одан кейін дзюдодан бақ сынап, күміс алдым. Осы жолы дәл осы турнирге қатысып, бақ сынаймын деп шештім. Жыл бойы дайындалып, алдыма мақсат қойдым. Жарыстың бірінші күнінде тәжік палуанын жеңіп, күміс алып едім. Екінші күні сол қарсыласымнан ақтық кезеңде есе жіберіп, тағы да күмісті місе тұттым. Ал, үшінші күні әлгі қарсыласымнан қазақша күрестен айламыд асырдым, — деді Жанат Омарбеков.

Үш күнге созылған турнир жоғары деңгейде өтті. Жарыстың жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне арнайы сый-сияпат табысталды.

Сурет Ж.Омарбековтің жеке мұрағатынан

ORTALYQ QAZAQSTAN Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет Құрылтайшысы: облыс әкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС Директор Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА Директордың орынбасары Станислав Альбертович ПЕСНЕВ Директордың орынбасары Ғалия Боранқұлы БАСТЕНОВА Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК Бас редактордың орынбасары Қ.А. АЙТЖАН Сайт редакторы А.Ә. СОВЕТ Жауапты хатшы С.Б. ПИЯШ		Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55; Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 702-293-13-70 Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19	● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. ● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. ● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. ● Материалдың жариялану ақысы төленген Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді. Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 Ұй. Электрондық пошта: ortalqy.kz@gmail.com; ortalqy.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortalqy.reklama@mail.ru	«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК KСJZKZKX БИН 000840001412 Тарапымыз 3 526 №140 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ. Бағасы келісім бойынша «Типография Арқа» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Ерік НАРЫН
--	--	---	---	--